

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№

2016 жылғы 12 желтоқсан

«Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Заңының 1-бабының 1-тармағының 121) тармақшасына, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 495-бабының 9-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3349 тіркелген, 2011 жылғы 6 қаңтарда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің 1-тармағының 3 абзацы - алынып тасталсын;

шешімге қосымшада 3-тармақ - алынып тасталсын.

2. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы****Облыстық
мәслихаттың хатшысы****А. ТУЛЕГЕНОВА****С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**